

Құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуға рұқсат берудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күші жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 2 ақпан N 15 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 наурыз N 166 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.

I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасы Президентінің "Құнды қағаздар және қор биржасы туралы" заң күші бар Жарлығына U952227_ , Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы ережесіне, Құнды қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялау туралы ережесіне сәйкес жасалған.

1.2. Құнды қағаздар жөніндегі мамандарды оқытуға рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) Ұлттық комиссияның қаулысы негізінде беріледі.

1.3. Рұқсат - Ұлттық комиссия бекіткен Құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы ережеге сәйкес заңды тұлғаның құнды қағаздар рыногындағы бұдан былайғы кәсіби қызмет үшін мамандарды даярлауды жүзеге асыру мүмкіндігін танитын, біліктілік талаптарына жауап беретін құжат болып табылады.

II. Мамандарды оқытуға рұқсатты берудің тәртібі

2.1. Рұқсат бәсекелестік негізде оны одан әрі ұзарту мүмкіндігімен бір күнтізбелік жылға беріледі.

2.2. Құнды қағаздар жөніндегі мамандарды оқытуға рұқсат алу үшін заңды тұлға Ұлттық комиссияға мынадай құжаттарды тапсыруға тиіс:

- рұқсатты алуға басшының қолы қойылған өтініш (еркін нысанда);
- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (немесе оқу орталығы қызметінің заңдылығын қуаттайтын құжат);
- оқу орны туралы жарғының немесе ереженің көшірмесі;

- оқу үйін жалдау туралы шарт немесе оның меншік құқығында бар екендігін
р а с т а й т ы н қ ұ ж а т ;

- басшылар туралы мәліметтер (туған жылы, білімі, ғылыми дәрежесі туралы,
педагогикалық қызметінің стажы);

- әрбір санат бойынша құнды қағаздар рыногындағы кәсіби жұмыс үшін
мамандарды даярлау жөніндегі сабақтардың оқу-әдістемелік жоспарлары;

- келісім-шарт негізінде оқу процесін жүргізу үшін шақырылатын
профессор-оқытушылар құрамының тізімі;

- курстардың тыңдаушыларына таратылатын материал ретінде ұсынылатын
нормативтік актілер мен оқу-әдістемелік әдебиеттің тізімі;

- сабақтарды өткізу жағдайларын, оқудың ұзақтығын және оқу процесін
өзгеше қамтамасыз етуді баяндау;

- өтініш берушінің заңды мекен-жайы және банк реквизиттері;

- қолда бар ұйымтехника туралы мәліметтер.

Жоғарыда аталған құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін
жағдайда жеті күннің ішінде Ұлттық комиссияға жазбаша мәлімдеме
т а п с ы р ы л у ғ а т и і с .

Оқу-әдістемелік жоспарлардағы өзгерістер мен толықтырулар Аттестациялық
комиссиямен күні бұрын келісуді талап етеді.

2.3. Рұқсат тапсырылған құжаттар Ұлттық комиссияның талаптарына сәйкес
к е л г е н д е б е р і л е д і .

Құжаттар оларды Ұлттық комиссия алған күннен бастап бір айдан аспайтын
м е р з і м д е қ а р а л а д ы .

Рұқсат қосымшада көрсетілген үлгі бойынша беріледі.

2.4. Құжаттар Ұлттық комиссияның қоятын талаптарына сәйкес келмегенде
жазбаша нысанда өтініш берушіге рұқсатты беруден бас тартудың дәлелі
к ө р с е т і л е д і .

III. Оқу орталықтарының міндеттері

3.1. Оқу орталығы оқу процесі басталғанға дейін үш күннен кешіктірмей
Аттестациялық комиссияға Құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін
мамандарды даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы
ереженің 2-үлгісі бойынша жасалған, емтиханды өткізу ұйғарылып отырған күн
туралы өтінішті жіберуге міндетті.

Оқу орталығы тыңдаушылардың оқу бағдарламасын толық меңгеруін
қамтамасыз ететін таратылатын материалды беруге міндетті.

Оқу орталығы тыңдаушыларға емтихан өтетін күн мен уақыт туралы дер
к е з і н д е х а б а р л а у ғ а т и і с .

3.2. Оқу процесінің аяқталуына дейін үш күннен кешіктірмей оқу орталығы Аттестациялық комиссияға барлық қажетті құжаттардың қоса берілуімен тыңдаушыларды емтиханға жіберу туралы өтінішті тапсырады.

3.3. Емтихан біткен соң үш күн ішінде оқу орталығы Аттестациялық комиссияның хатшысынан емтиханның ресімделген нәтижелерін алуға тиіс.

3.4. Оқу орталығы әрбір оқу кезеңінде Ұлттық комиссияның кемінде екі қызметкерін оқытуға міндетті.

IV. Рұқсатты пайдалануға бақылау жасау

4.1. Рұқсатты пайдалануға бақылау жасауды Ұлттық комиссия жүзеге асырады. Ол мамандарды даярлау жөніндегі заңды тұлғаның қызметіне байланысты құпия болып табылмайтын кез келген мәліметтерді талап етуге, сондай-ақ оқу процесінің жер-жердегі жай-күйін тексерулерді жүзеге асыруға қ ұ қ ы л ы .

V. Оқу процесін ұйымдастыру үшін оқу орталықтарының жауапкершілігі

5.1. Аттестациялық комиссияның ұсынуымен Ұлттық комиссия құнды қағаздар жөнінде мамандарды оқытуға берілетін рұқсаттың күшін мынадай жағдайларда тоқтатуы мүмкін:

- оқу орталығы аттестациялау үшін қажетті құжаттарды бермегенде;
- сабақтардың Аттестациялық комиссия бекіткен оқу-әдістемелік жоспарларын орындамағанда;
- тыңдаушылар сабақ өткізудің қажетті жағдайларымен, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілмегенде;
- профессор-оқытушылар құрамының Аттестациялық комиссиямен келісілмеген алмасуы болғанда.

Рұқсаттың күші оның тоқтатылуына әкеп соққан негіздер жойылған соң қайта қалпына келтіріледі.

5.2. Аттестациялық комиссияның ұсынуымен Ұлттық комиссия құнды қағаздар жөнінде мамандарды оқытуға берілетін рұқсатты мынадай жағдайларда кері қайтарып ала алады:

- осы Ережеде және Құнды қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлау жөніндегі курс тыңдаушыларын аттестациялау туралы ережеде қойылатын талаптар үнемі орындалмағанда;
- тест нәтижелері бойынша Аттестациялық комиссия тыңдаушылардың 60 процентінен астамының білімін қанағаттанғысыз деп анықтағанда;

- рұқсат алынған сәттен бастап алты айдың ішінде оны іс жүзінде қолданбағанда .

5.3. Ұлттық комиссияның рұқсаты кері қайтарып алғаны немесе оның күшін тоқтатқаны туралы тиісті оқу орталығының басшысына жазбаша нысанда жеткізіледі .

5.4. Қызметі тоқтатылған оқу орталығы қолданыстағы заңдарда қарастырылған тәртіпте Ұлттық комиссияның шешіміне шағымдануға құқылы.

Құнды қағаздар рыногында

жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуға
рұқсат берудің тәртібі туралы ережеге
Қосымша

Р Ұ Қ С А Т

Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясы _____

(заңды тұлғаның толық аты)

бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес құнды қағаздар рыногында
жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды жүзеге асыруға рұқсат береді.

Мекен-жайы _____

_____ банкіндегі _____ есеп айырысу шоты

ХҚҰ _____

Ұлттық комиссияның
төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК